

«Бекітемін»   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М.Жанкешова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

## «Жұлдыз» және «Ақбота» ересек тобына арналған музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М.Жанкешова




Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

## Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қыркүйек айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09-06.09.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>Қыркүйек</b>		
<b>Міндеті</b>	<i>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Мюзыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</i>	
<b>ҰІӘтақырыбы:</b>	<i>«Біздің балабақшада»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Ән мәтіні арқылы балабақша туралы түсіндіру. Мюзыканы тыңдауға әннің мағынасын түсінуге, жетекшінің дауыс ыргағына еліктей отырып, алабақша туралы әнді айтуды үйрету.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> <i>Әуен қалай естіледі, көңілді ме, көңілсіз бе? Қандай аспаптың дауысын естідің? Ән тыңдаған ұнай ма?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма би көрсете біледі. Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын бере орындайды.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Музыкалық сәлемдесу. «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өткен сабақта ұстаз – тәрбиеші туралы ән айттық. Бүгін сол мамандық иелерінің жұмыс орны – балабақша туралы білетін боламыз.</i> <b>Балабақшада. Ернұр Сейдахмет</b> <i>Күлімдейді күніміз. Көңілді ән-күйіміз. Асыр салып жүреміз, Тәртіп бұзбай әжi бiз. Бiлемiз бiз, сұраңыз. Жаттап алдық жыр-аңыз, Тәрбиеші апайдың, Айтқанын тез ұғамыз. Өлең не туралы айтылған? Балабақша ережелері, қызметі туралы түсінік беру.</i>	<i>Музыкалық сүйемелдеу</i>  <i>Мектеп туралы суреттер</i>

<p><b>ҰІӘ-нің ортасы</b>  <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>  ..... минут</p>	<p><b>Музыка тыңдау:Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов«Достар»</b>  «Үш түрлі көңіл күй» музыкалық-дидактикалық ойынын қолдану арқылы әннің көңіл күйін ажыратуға баулу.  <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.  <b>Ән айтуБалабақша (әні мен сөзі Бота Бейсенованікі)</b> саған ұнай ма? Саған қандай сабақ қызықты? Әннің мазмұны туралы не айта аласың? Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Әннің кіріспе бөлімі мен қайырмасын ажыра білуге баулу. Айырмашылықтарын түсіндіру, талқылау. Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру.  <b>Ой қозғау.</b>  Балабақшаға не үшін барасың? Балабақшадан не үйренесің?  Суретке қарап, өз балабақшаң туралы әңгімеле.  Балабақшада сендерді кім күтіп алады? Кімдермен ойнайсың?</p>	<p>Аудиожазба «Достар»  (үнтаспа)  «Жаңғырық» дауыс жаттығуы</p> <p>Нота хрестоматиясы.  Музыкалық аспаптар немесе  слайд суреттері</p>
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>-Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.  -Ұіә балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.  – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, аяқпенен топылдап топ- топ</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тоб  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 09.09-13.09.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>Ұйымдастырылуы:</b>	«Менің сүйікті достарым»	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>ТОП:</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>	
<b>Ұйымдастыру мақсаты:</b>	Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, достық туралы түсіндіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба? Саған қандай әндер ұнайды? Музыка тыңдағанды ұнатасың ба? Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың?	
<b>Өткен Ұйымдастыру-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақта әннің не және кім туралы айтылғанын естеріне түсіреді. Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады.	
<b>Ұйымдастыру барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді. <b>Педагог:</b> Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?	Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.	
<b>Ұйымдастыру ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екіпінде айтылып отыр? <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады. <b>Ән айту:</b> «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу. <b>Ой қозғау.</b> Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? <b>Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.</b>	«Балалардың бақыты» әні  «Телқоңыр» күйі  «Достасайық бәріміз» әні  «Соқыртеке» әні
<b>IV. Ұйымдастыру-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия...</b> минут	Смайліктер беру	Смайліктер

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 16.09-20.09.2024

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		<b>«Ойыншықтар» (И.Нусіпбаев, Н.Әлімқұлов)</b>	
<b>Күні</b>		<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>	
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете білейді. Балабақша туралы тақпақ-өлеңдер айтады. Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді. Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнел енген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсетеді.		
<b>Тілдік мақсат:</b>	өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелейді. <b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Ойыншықтарды қалай ұстау керек? Ойыншық бізге не үшін керек? Ойыншықтар неден жасалады?		
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді		
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>		<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Әуенді –дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады. Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді. Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады. Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүзгіруге дағдыланады.		қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып</b>	Музыкатың дау: «Мәшине» (К. Қуатбаев, Т. Тұяқбаев) Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену.		

<p>1.....минут</p>	<p><i>Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу.</i>  <i>Жол ережелері туралы түсінік беру.</i>  <b>Ән айту: «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)</b>  <i>Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету.</i>  <i>Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.</i>  <i>Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру.</i>  <i>Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау.</i>  <b>«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов)</b>  <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бөбектер бии» (К. Қуатбаев)</b>  <i>Балалар жұптасып тұрады.</i>  <i>1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды.</i>  <i>2-бөлімде қол ұстасып айналады.</i>  <i>Кел, ойнайық, ойнайық,</i>  <i>Қызыққа бір тоймайық!</i>  <i>деп ойынға шақырады.</i>  <b>Дид ойын: «Музыкалық қалпақ»</b>  <b>Шарты:</b> музыка ойнай бастайды, ол ойнап жатқанда, сіз қалпақты айналдырасыз. Музыка тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p><i>Бүгінгі ҰІӨ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.</i>  <i>ҰІӨ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</i>  – Егер ұйғ қызықты өтті деп ойласаң қатты шапалақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 23.09 – 27.09.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>Тақырыбы:</b>	<b>«Мен өнерлі баламын»</b>	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты. мәнерлі қозғалыстар жасай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Ән айтқанды ұнатасың ба? Неліктен? Қандай әндерді, әншілерді білесің?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақта үйренген әннің 1-ші шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады.	
<b>ҰІӘ өткізілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету. Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа бубен аспабымен әуенін ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. Ән жанрлары, әншілер туралы мағлұмат беру.	Бубен аспаптары
ҰІӘ-нің ортасы <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Күзгі вальс» (муз. А. Досмағамбет). «Балдырғандар маршы» (муз. К. Қуатбаев). Балалар шығарманы тыңдап, әуеннің сипатын анықтайды. Алған әсерлерін бөліседі. Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Шығарманың қарқыны қандай? <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. «Күшті» бөлігінде «Ауу!» – деп дауыстары қатты шықса, «әлсіз» бөлігінде ақырын орындау. <b>Ән айту:</b> «Мен өнерлі баламын» (муз. М. Омаров, сөзі Г. Жотаева). Әнді орындап, мазмұны туралы әңгімелесу. Өнер және музыкалық мамандықтар (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер туралы мағлұмат беру. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен? «Ырғақ» деген сөздің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету: ырғақ – ритм	«Күзгі вальс», «Балдырғандар маршы» музыкасы Күз мезгілін бейнелейтін түрлі түсті сурет «Жаңғырық» дауыс жаттығуы  «Мен өнерлі баламын» әні

	<p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b>Полька (Б. Сметан). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Би ырғағын аяқ топылдату, шапалақтау арқылы есте сақтауға үйрету. Би элементтерін жұптасып бірге қайталау, қарқынын сезіне мәнерлеп қозғалуға баулу. Ұлттық ойын. «Ақ терек, көк терек».</p> <p><b>Ой қозғау.</b> «Мен өнерлі баламын» әнінің мазмұнына қай сурет лайықты? Неліктен сол суретті таңдадың? Өнерлі балаға қажетті заттарын тауып беруге көмектес. Аса қажетті құрал не деп ойлайсың? Неліктен бұл затты таңдадың?</p>	<p>Полька (Б. Сметан) Аудиожазбалар, бейнематериалдар</p>
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> .....минут</p>	<p>балалардың пікірлерін тыңдау. қорытындылау, бағалау.</p>	

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
меңгерушісі А.М.Жанкешова



Қаралды:  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қазан айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 07.10 – 11.10.2024ж

Қаралды: *Дт*  
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>Қазан</b>		
<b>Міндеті</b>	<i>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға баулу.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Отбасым –бақытым»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>	
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (қайырмасын, кіріспесін) ажырата алады. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Отбасы туралы әңгімелей алады. Отбасы мүшелері кімдер екенін ажыратады. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Аналарың ұйықтар алдында қандай ән айтады? Сендер аналарыңа қандай ән айтасыңдар? Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Өткен сабақта қандай ән айттыңдар? Музыка тыңдаған сендерге ұнай ма? Әнде кім, не туралы айтылғанын еске түсіру.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру.</b> 3-5 минут	<i>Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды. – Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – Отбасыларыңда кімдер бар? – Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды. Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ. Әуеннің қарқынын, динамикасын, регистрін талдап, түсіндіру.</i>	

<p><b>ҮІӘ-нің ортасы</b>  <b>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс</b>  ..... минут</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау.  <b>Дауыс жаттығулары:</b> «аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау.  Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру.  <b>Ән айту:</b> «Әже тілегі» (муз. мен сөзі Т. Қоңыратбай).  Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.  Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.  <b>Ой қозғау.</b>  Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Музыкалық аспаптарды ата.</p>	<p>«Бесік жыры» әні Аспаптың сүйемелдеуімен</p> <p>«Әже тілегі» әні</p>
<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау. Смайктер беру</p>	<p>Смайктер</p>

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 14..10 – 18.10.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Мен бақытты баламын»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты) Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарай ажырата алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Әуеннің сипатын, көңіл күйін, өз ойларын жеткізе әңгімелей біледі. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыкадан қандай әсер алдың? Тыңдаған әнді қалай бейнелер едің? Әннің мәтіні не туралы?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақтарда алған білімдерін көрсете алады, музыкалық шығарманың түрлерін ажырата біледі. Өз ойларын еркін жеткізе әңгімелейді.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут</b> <b>II. Ұйымдастыру 3-5 минут</b>	Музыкалық сәлемдесу. «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндеме амандасу). Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптар тыңдалады. – Бақыт деген не? – Бақытты болу үшін не істеу керек? – Достарыңа бақытты болу үшін қандай тілек айтасың?»	Музыкалық сүйемелдеу  Доп
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	Музыка тыңдау: «Ақ көгершін» (муз. Қ. Қалқатаев, сөзі Е. Баят). «Еркін самғап ұшсын» деп, Мәпелейміз, баптаймыз. «Бейбітшілік құсы» деп, Қайсы құсты біз мақтаймыз? – Ән сендерге ұнады ма? Неліктен? Ән қанша бөліктен тұрады? Мазмұнын әңгімелеп беруді ұсыну. Дауыс жаттығулары: «Тақ-түқ», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Балалардан ән мазмұны мен	

	<p>көрнекі суреттердің өзара байланысын сұрау. Әнді бубен, асатаяқ, тұяқтас аспаптарының сүйемелдеуімен орындау. «Бейбітшілік құсы көгершін» деп таныстыру.</p> <p><i>Көгершін – голубь деп екі тілде қайталап үйрету.</i></p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Қазіргі би ырғағы» (муз. Е. Лапин). Музыкалық шығарманың сипатын мағыналы түрде көрсетуге дағдыландыру. Заманауи би элементтерін Польшка (Б. Сметан), ұлттық би («Айгөлек») түрлерімен салыстыру, айырмашылықтарын түсіндіру.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Әннен қандай әсер алдың? Осы әннің көңіл күйіне сәйкес қай түсті шарды қалар едің?</p> <p>Қажетті аспаптарды әншінің суретіне сызық арқылы қос.</p> <p>Қандай би түрлерін білесің? Қандай ырғақта билегенді ұнатасың?</p> <p>Бүгінгі үйренген әнге қалай билер едің? Өз таңдауыңды көрсет.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>.....минут</p>	<p>ҰІӨ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балана» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ереспек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 21.10.– 25.10.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағызбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӨТақырыбы:</b>	<b>Күз байлығы</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	<i>Күз туралы түсіне отырып, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйренеді. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата біледі</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсінеді. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Күз мезгілінің ерекшеліктерін өз ойымен жеткізу</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Өткен сабақта үйренген әннің 1-шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! (до, ре, ми, фа, соль, соль, ля, ля, соль)</i>	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i>Ән тыңдау: «Тамшылар» (М.Жәутікөв). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. <b>Қимылды ойын: «Өз орныңды тап!»</b> <b>Шарты:</b> ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, «Өз орныңды тап!»- деп музыка жетекшісі белгі бергенде балалар ралғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді. «Өз жұбыңды тап!» Төрт, болмаса үш қатарға жұппен тұрғызылады, әрі қарай ойын дәл солай жалғастырылады. <b>Музыка тыңдау:</b> «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. <b>Ән үйрену:</b> «Бұл қай кезде болады? Күз»(Б.Ерзакович, Ш.Ахметов <b>Би:</b> «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген).</i>	

	<p><i>Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады.</i>  <i>Өте баяу музыка – сары түс. Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл</i>  <i>Жоғары дыбыс - қызыл.</i>  <i>Оң қолымен музыкадыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды (жаттығу үлгідекөрсетілген).</i>  <i>Балаларға күз мезгілініңтүстерін, құбылысынтүсіндіреді.</i></p>	
<p><b><i>IV. ҰТӘ-нің қорытын-дысы.</i></b>  <b><i>Рефлексия</i></b>  <i>.....минут</i></p>	<p><i>қорытындылау, бағалау.</i></p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 28.10 – 01.11.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		<b>«Пайдалы жемістер»</b>
<b>Күні:</b>		<b>2сағат</b>
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Жеміс –жидектің пайдасы жайлы түсіндіру. Дәрумендердің адам өміріне әсері туралы, ойындар арқылы жемістерді дұрыс атауды үйрету.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Көкөністерді жемістерден ажырата алады. Әннің мазмұнын түсініп, оны өз сөздерімен түсіндіре алады.  <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы? Музыка жанрларын (ән, би, күй, полька, вальс) ажырата аласың ба? Қандай биді ұнатасың? Музыка ырғағына ілесіп ойдан би қимылдарын жасай аласың ба?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру.</b> 3-5 минут	<i><b>Балалармен амандасу.</b>  <b>Проблемалық сұрақ:</b> Пайдалы және салауатты тағам деген не? Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.                  – Балалар, сендер түрлі жанрда, түрлі ырғақта, түрлі көңіл күйде музыка тыңдадыңдар. Бүгін жанрларға тоқталамыз. «Күй» не екенін білесіңдер, күй – аспаптық музыка, зейін салып тыңдасақ, не туралы екенін түсінуге болады. Көбіне домбырамен орындалады. Би музыкаларына «полька», «вальсті» жатқызуға болады. «Полька» – жеңіл, ойнақы болса, «вальс» – қалықтап, айналып биленеді. Музыка тыңдап, жанрларды ажыратайық.</i>	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i><b>Музыка тыңдау:</b> «Алатау» күйі (Құрманғазы), «Полька», «Вальс», «Би әуені» (муз. Г. Левкодимова). Балалардан қандай жанрларда музыка тыңдағанымызды сұрау. Полька мен вальстің айырмашылықтары неде екенін сұрау, түсіндіру. Күй туралы мағлұмат беру.  <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай</i>	<i>«Алатау» күйі «Полька», «Вальс», «Би әуені»  «Жемістердің пайдасы»</i>

	<p>түсеміз.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).</p> <p>Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанын сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.</p> <p><b>Аспаппен танысу:</b> «Қандай аспап?» – асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон аспаптарының үндерінен есту қабілеттері арқылы дыбыстарынан ажырату. Қай аспаптың қалай дыбысталатынын айтып беру.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Жұмбақтарды шешіп, пайдалы жемістер мен көкөністің аталуын тап.</p> <p>Дид ойын : «Жемістер мен көкөністер»</p> <p>Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау.</p>	<p>Асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон</p>
<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>..... минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау.</p>	

«Бекітемін»   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М. Жанкешова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж. Сағизбаева

## Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қараша айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11-08.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<i>Қараша</i>		
<b>Міндеті</b>	<i>Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауды, марш сипатын ырғақты жүру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, музыканың ырғағымен жүре отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, әнді созып, сөздерін анық айту, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды үйрету.</i>	
<b>Тақырыбы:</b>	<i>«Алтын күз»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Ән мәтіні арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Әнді сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Ән сөзін сезіне айтуға, музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды үйренеді.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! (до, ре, ми, фа, соль, соль, ля, ля, соль) Ән тыңдау: «Тамшылар» (М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады.</i>	<i>бейнетаспа, опера үзінділері, ұнтаспа, желтуіш.</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i>Музыка тыңдау: «Күз» жаттығын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. Ән үйрену: «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов) Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген).</i>	

	<p><i>Балаларға интерактивті тақта, ширма арқылы би түрлерін көрсетеді: вальс,полька, марш, қазақ биін. Опера және балет театрының бейне таспасынан үзінділерді тыңдайды, көреді. Жанр түрлерін қайталап айтқызады, үйретеді. Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан жасалатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды. Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады. Өте баяу музыка – сарытүс.Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл Жоғары дыбыс - қызыл. Оң қолымен музыкадыбыстарын төмен,орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды (жаттығу үлгіде көрсетілген). Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді.</i></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p><i>Балаларды мадақтау.</i></p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11.11 – 15.11.2024ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		<b>«Шыныққан шымыр баламыз»</b>	
<b>Күні:</b>		<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>	<b>Қатыспаған балалар саны:</b>	
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Жақсы әдетке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу. Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты мәнерлі қозғалыстар орындау		
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әуенге сай қимыл жасай алады. Балалар әнді тыңдап, қимыл қозғалысты қайталай алады		
<b>Тілдік мақсат:</b>	Берілген тақырып бойынша өз ойларын айта алады. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Дені сау, шыныққан болу үшін қандай шаралар жасау керек? Таңертеңгі жаттығудың қандай пайдасы бар?		
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақта қандай тақырыпта әңгіме өткіздік, есімізге түсірейік, қандай музыка тыңдадық, қандай ән айттық?		
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>		<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Педагог балалармен әндетіп амандасады. Өткен сабақты естеріне түсіреді. Балалармен қандай ән айтқанымыз, қандай қимыл-қозғалыс жасағанымыз туралы қайталаймыз. <b>Проблемалық сұрақ:</b> Дене шынықтырумен айналысу балаларға не береді? Мынандай тұжырым жасалады: дене шынықтыру балаларды мықты, дені сау, төзімді, күшті етеді. Біз денсаулықты шыңдау шынығуға байланысты екенін жақсы білеміз. Жорықтарға шығу, жол жүру – бәрі денсаулыққа пайдалы. Дені сау азамат қана елін, жерін қорғай алады. Жорыққа шығып, жол жүргеннің қандай қызық екенін әуенді тыңдай отырып талдайық.		
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Жол жыры» (муз К. Қуатбаев, сөзі Ә. Дүйсенбиев). Әнді тыңдап, не туралы айтылғанын әңгімелеу. Музыканың көңіл күйін ажырату, қандай екпінде орындалғанына көңіл аудару. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Қоңырау» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Асылбек). Әннің сөзін айтпай-ақ «ля» деп айтуларына болады. Терең дем алып, демді үнемдеп шығарып айтуға үйрету. <b>Ән айту:</b> «Ел қорғауға әзірміз» (муз. К. Қуатбаев, сөзі М. Әлімбаев). Педагог әнді орындап, балалармен сұхбат жүргізеді. Ел қорғау үшін алдымен шыныққан шымыр болуы тиіс. Балалардың сұрақ-жауап арқылы ойларын ортаға салуға, іркілмей жауап берулеріне мүмкіндік жасау.		«Жол жыры» әні  «Қоңырау» әні  «Ел қорғауға әзірміз» әні  «Таңертеңгі жаттығу» әні

	<p>Әнді орындау кезінде тыныс алу жағғына көңіл бөлу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Таңертеңгі жаттығу» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов), «Қара жорға» халық әуені. Шынығуды таңертеңгі жаттығудан бастау керек.</p> <p>Сонда күні бойы сергек жүресіңдер. «Қара жорға» әуеніне қимылдар жасап көрсету.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Ән саған ұнады ма? Шыныққан бала болу үшін не істеу керек? Қажетті суретті тауып, дөңгелекті боя.</p> <p>Суретке қарап, достарыңа өзіңнің күн тәртібің туралы айтып бер.</p>	«Қара жорға» халық әуені
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>..... минут</p>	<p>Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 18.11 – 22.11.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҮІӘТақырыбы:</b>	<b>«Бағдаршам бағыт береді»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҮІӘ-нің мақсаты:</b>	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Жолда жүру ережелерін еске түсіреді. Бағдаршамның жұмысы туралы әңгімелейді. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Бағдаршам түстерінің қызметі туралы не білесің? Жол ережесін жатқа білесің бе? Неліктен көліктер жүретін жолда велосипедпен жүруге тыйым салынған?	
<b>Өткен ҮІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақта үйренген әннің 1-шумағын қайталап, бірге және жеке әндеме орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады. Әуенге ілесе оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасап, би қимылдарын көрсетеді.	
<b>ҮІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	Музыкалық сәлемдесу. Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.	Музыкалық сүйемелдеу Жол ережелері белгісі бар суреттер Ұрмалы аспаптар
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа ұрмалы аспаптармен әуеннің ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады.	
<b>ҮІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.</b> Үш көзді батыр, Жол көрсетер батыл. Үш көзі үш түрлі: Қызыл, сары, жасыл. Бұл не? Бағдаршам туралы толық мәлімет беру, түсіндіру. <b>Музыка тыңдау:</b> «Бағдаршам» (муз. Н. Дүкенбаев, сөзі С. Дүкенбаев). – Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? – Шығарманың қарқыны қандай? – Әннің мазмұнында не туралы айтылады? <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу.	«Бағдаршам» әні  «Жаңғырық» дауыс жаттығуы

	<p><i>Күшті бөлігінде «Ауу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.</i></p> <p><b>Ән айту:</b> «Бағдаршам» (муз. Қ. Қайым, сөзі Ә. Табылды).</p> <p>– Әннің мазмұны туралы не айта аласың?  – Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?  Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. «Бағдаршам» сөзінің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету:  бағдаршам – светофор</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Айжан қыз» (Құрманғазы). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Ұлттық би элементтерін, би ырғағын есте сақтауға үйрету, қарқынын сезіне мәнерлеп билеу. Вальс, марш жанрларымен салыстырып, ерекшеліктерін ажыратуға, әуен ырғағына сәйкес қозғалуға баулу.</p> <p><b>Ой қозғау.</b>  Бағдаршам не үшін қажет? Мына суретте жолда жүру ережесін бұзғандар бар ма? Қайсысы дұрыс? Таңдаған суретіңді дөңселекті бояп көрсет.  Суреттегі көліктердің қайсысы бағдаршамның қызметін қажет етпейді? Неліктен?  Қайсысы қалай қозғалатынын әңгімелеп бер.</p>	<p>«Бағдаршам» әні</p> <p>«Айжан қыз» күйі  Аудиожазбалар,  бейнематериалдар</p>
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытын-дысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  .....минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11 – 28.11.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҮІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Спорт – біздің досымыз»</b>	
<b>Күні:</b>	2сағат	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҮІӘ-нің міндеті:</b>	Салауатты өмір салты туралы айта отырып, спорттың денаулыққа пайдасын түсіндіру	
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Сұрақ-жауап кезінде тілді нақты пайдалануға дағдыланады. Әннің мазмұнын түсіне отырып ойларын жеткізуге тырысады	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыканы тыңдай отырып не елестеттіңдер? Спорт туралы не білесіңдер? Әнде не туралы айтылған, спорттың ондай түрін білесіңдер ме? Музыка әуеніне ілесіп ленталармен жаттығу жасаған сендерге ұнады ма?	
<b>Өткен ҮІӘ-нен алған білім</b>	Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айтып, қандай қимыл жасағанымызды еске түсіреміз. Қандай музыкалық шығарма тыңдағанымызды, не туралы әңгіме жүргізгенімізді тысықтаймыз.	
<b>ҮІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 м</b>	Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды қайталап еске түсіру. Аспапта ойнаған әуенді шапалақпен ырғаққа келтіріп ұру. <b>Проблемалық сұрақ:</b> Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Бүгінгі сабағымыз осы спорт туралы. Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз.	Спорттың түрлері туралы суреттер, слайдтар
<b>ҮІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс .....минут</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> «Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау. Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Тойбастар» (муз. Д. Нұрпейісова). Күйдің негізгі әуенін «лэй» буынында орындау. Терең дем алып, дауысты еркін шығаруға үйрету. Сегіздік, оналтылық ноталарды орындау ерекшеліктеріне көңіл аудару. <b>Ән айту:</b> «Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме? <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау. Ұлттық ойын «Аққу-қаздар» <b>Ой қозғау.</b> Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен? Суреттегі аяқ допшыларға өздеріне лайықты доптарын сызық арқылы қос. Мәнерлі би қозғалыстарын доппен, таяқшамен, таспалармен жасайды	«Спорт маршы» музыкасы «Тойбастар» музыкасы «Аяқдопшы» әні «Лентамен жаттығулар» (вальс)
<b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия ..... минут</b>	қорытындылау, бағалау.	

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М. Жанкешова



Қаралды:  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің желтоқсан айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек Ересек «Акбота» «Жұлдыз»  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 02.12 – 06.12.2025ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сагизбаева Ж.Ж.

<b>Желтоқсан</b>		
<b>Міндеті</b>	<i>Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Шақырамыз жарысқа»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Сұрақ-жауап кезінде түсінікті сөйлеуге дағдыланады. Өздерінің сүйікті әндері, шығармалары туралы ойларын әңгімелейді. Балалар әнді тыңдап, қимыл қозғалысты қайталайды.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Сен жарысқа түсіп көрдің бе? Әннің қарқыны, динамикасы, екпіні туралы не айта аласың? Ойдан шығарып орындау дегенді қалай түсінесің?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақта үйренген әндерін қайталайды, сол әуенге сәйкес би қимылдарын жасайды, шығармашылықтарын көрсетеді.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b>	<i>Балалармен амандасу. Педагог таныс әндерді ойнайды, балалар әуенге ілесе әндерді естеріне түсіріп орындайды. Педагог балалардың спорт жарыстары, Олимпиадалық ойындар туралы не білетіндері жайлы әңгіме қозғайды. шыңдаласындар. Бүгін сол жарыс туралы ән айтып, музыка тыңдаймыз.</i>	<i>Интерактивті тақта Спорт жарыстары, Олимпиадалық ойындар туралы слайдтар</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i><b>Музыка тыңдау:</b> «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. – Тыңдап отырған музыкадан не елестеттіңдер? – Бұл музыкаға қандай қимыл лайық? (<b>Дауыс жаттығулары:</b> «Шерттер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова). Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып,</i>	<i>«Жарысамыз» (регтайм), «Шақырамыз жарысқа»  «Шерттер» әні</i>

	<p>таза орындау.</p> <p><b>(Ән айту):</b> «Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өңдеген Н. Әлімқұлов).</p> <p>Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу.</p> <p>Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов). Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p><b>Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:</b> «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсыңдар?</p> <p><b>«Кім жылдам?»</b> ойынында кім жеңіске жетеді? Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос.</p>	<p>«Шақырамыз жарысқа» әні «Түлкі мен қаздар» музыкасы</p>
<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 09.12 – 13.12.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>Тақырыбы:</b>	<b>«Мен Отанымды сүйемін»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2сағат</b>	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	<i>Отан туралы, өз Отанының сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыка тыңдау және орындау бар Отан туралы өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Музыкалық сәлемдесу. Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді: – Сен қай мемлекетте тұрасың? – Қазақстанның қандай қалаларын білесің? – Отан, туған жер туралы қандай ән білесің</i>	<i>Доп</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i>Музыка тыңдау: «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың? Дауыс жаттығулары: «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу. Ән айту: «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Отан – туған еліміз, Отан – туған жеріміз. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Ән көңілді екіінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый</i>	<i>Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет</i>  <i>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары</i>  <i>«Отаным» әні</i>

	<p><b>Аспаппен танысу:</b> Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.</p>	<p>Аудиожазбалар «Керуен»</p> <p>«Менің Отаным – Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер</p> <p>«Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары</p>
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>Бүгінгі ұйым туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҰІӨ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер ұйым қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 17.12 – 20.12.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӨ Тақырыбы:</b>		<b>«Туған жерім – тұғырым»</b>
<b>Күні:</b>		<i>2сағат</i>
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	<i>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады. Отаны, тұратын жері туралы әңгімелейді. Туған жері, елі туралы тақпақ-өлеңдер айтады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> <i>Өз туған жеріңе деген қандай тілектерің бар?                  Естіген әуенді қалай сипаттар едің? Туған жеріңнің табиғатын суреттеп бер.</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды, алған әсерлерін, толғаныстарын еркін сипаттайды, әңгімелейді.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Музыкалық сәлемдесу. «Сәлем! (әндеге амандасу).                  Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді.                  Туған жерге құрақ болам,                  Шуақ болып жылынар.                  Туған жерге бұлақ болам,                  Шөл қандырап суы бар.                  Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру.</i>	<i>Музыкалық сүйемелдеу                  Үлестірмелі карточкалар                  «Туған жер» тақырыбына салынған түрлі суреттер немесе интерактивті тақта, слайдтар</i>
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ....минут	<i>Музыка тыңдау: «Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев). – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.                  Дауыс жаттығулары: «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.                  Ән айту: «Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).                  Көк байрақтың бетінде,</i>	<i>«Туған жер» әні                   «Тик-так»,                  «Жаңғырық» жаттығулары                  «Егемен ел Қазақстан» әні</i>

	<p>Қыран бүркіт қанатты. Сол қырандай еркіндеп, Бала өседі талапты. (М. Әлімбаев)</p> <p>Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.</p> <p>– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Бірғағы қандай екен?</p> <p><b>Музыкалық-дидактикалық ойын:</b> «Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың?</p> <p>Өз елің туралы әңгімелеп бер.</p> <p>Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз.</p>	<p>«Менің Қазақстаным» атты слайдсуреттер</p> <p>«Үш көңіл күй» («Марш», «Полька», «Вальс»), «Бесік жыры» әндері Үлестірмелі карточкалар</p>
<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> .....минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 23.12 – 27.12.2024ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Қыс қызығы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Ән мәтіні арқылы қыс мезгілі туралы түсіндіру. Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру) меңгереді:	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыка тыңдай отырып оны қалай сипаттар едің? Ән мазмұны не туралы?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақта айтқан әндері мен тыңдаған музыкалары жайында әңгімелейді. Қандай қимыл-қозғалыс жасағандарын естеріне алады.	
	<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	Музыкалық сәлемдесу. Күлдіргіш кейінде педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, оқиды: «аққала көмекке шақырады».	Ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген сурет.
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	«үш аю өз өнерін көруге шақырады» «қояндар жарысқа шақырады». Балаларды алаңға «қысқызығы» ойын-сауығына шақыру. Жетекші: қыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	«Шанғы тебеміз» Е.Тиличеева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді. Ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Қағаздан аққала құрастыру. «Қыс» әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады. Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық. Ойын: «ырғақты жұмбақ». Аспаптар ырғағы арқылы анықтау. Бұл қай аюдың жүрісі? -ауыр, жай ырғақ.	

	<p>-орташа, көңілді ырғақ.  -жеңіл, көңілді ырғақ.  Балалардан қонжықтың және әке аюмен ана аюлардың жүріс ырғақтарын айырмашылығын сұрайды, түсіндіреді, үйретеді, қайталайды.  Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар қарсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады.  <b>Ойын: «көңілді ырғақ».</b>  Қоян дирижер рөлінде.  Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ.  «Ақшақар» әнін қайталау.</p>	
<p><b>IV. ҮІӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>– Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі үіә қалай өтті?  Бүгінгі үіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.  қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 30.12 – 03.01.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	«Күміс қыс: Сиқырлы дыбыстар мен ойындар»	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Балаларды қысқы табиғат көріністерін музыка арқылы сипаттауға үйрету; классикалық және заманауи балалар әндерін ажырата білуге баулу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Қыс мезгіліне арналған жаңа әндердің мәтінін және олардың мазмұнын түсінеді; музыкалық аспаптардың (қоңырау, үшбұрыш) дыбысталу ерекшелігін біледі.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Негізгі сөздер:</b> «Сыңғырлаған», «күміс қыс», «ырғақ», «дирижер», «темп» (жай, жылдам).	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	«Қыс» және «Ақшақар» әндерінің алғашқы шумақтарымен таныс, музыкамен бірге дауыс ырғағын сақтап айтуға талпынады.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<b>Музыкалық сәлемдеу:</b> «Сәлеметсіз бе, балалар!» (әуенмен). <b>Шаттық шеңбері:</b> Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне «жылу» сыйлайды.	
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<b>II. Сөздік жұмыс:</b> «Қырау», «Сырғанақ», «Ақ түтек боран» сөздерінің мағынасын түсіндіру.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Ән үйрену:</b> «Шырша жыры». Әннің ырғағын қолмен шапалақтап көрсету. <b>Би:</b> «Қар ұлпаларының биі». Қолдарына ақ султанишалар ұстап, музыка әуенімен жеңіл айналу, тербелу. <b>Сергіту сәті:</b> «Тоңса біздің қолымыз, шапалақтап аламыз» (қимылмен көрсету)	Қар ұлпалары
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	. «Көңіл-күй ағашы». Егер сабақ ұнаса – көк түсті «қар ұлпасын», егер қиын болса – ақ түсті «қарды» іледі. Балаларды мақтау және марапаттау.	

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М.Жанкешова



Қаралды: *Ж.Ж. Сағизбаева*  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің қаңтар айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 06.01 – 10.01.2024ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>Қаңтар</b>		
<b>Міндеті:</b>	<i>Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<i>«Мәңгі жасыл шыршалар»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Қыс мезгілінің ерекшелігі, шыршаның қысы, жазы жасыл түсте болуы туралы түсіндіру. Әнді қуанышты, көңілді орындауға назар аудару.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Жалпы музыкалық шығармалардың көңіл күйін, мазмұнын әңгімелей алады. Өз ойларын жеткізе алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> <i>Орманшы туралы не айта аласың? Әннің қай бөліктері жақсы шықты? Музыка тыңдай отырып осы музыкаға қандай қимыл жасар едің?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Қандай музыкалық аспаптарда, қандай әуен ойнағанын, қандай қимылдар жасағанын еске түсіреді.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Балалармен әндетіп амандасу. Ой қозғау. Өткен сабақтағы айтқан әндерді еске түсіріп, әуенімен қайталау. Музыка тыңдағанда не естерінде қалғанын әңгімелеп жеткізу. Басқа қандай бөлімдерде жұмыс жасағанымызды еске түсіріп қайталау. Бізде қыс мезгілінде болатын қандай мерекені білесіңдер? Ол мерекеде кімдер келеді, не әкеледі? Шыршалар қандай түсте болады және түсі өзгере ме? Шырша қайда өседі? Бүгін біз мәңгі жасыл шыршалар туралы, шырша өсетін орман туралы, орманды қарайтын орманшы туралы сабағымызды жалғастырамыз</i>	<i>Орманның, ормандағы мәңгі жасыл шыршалардың суреттері</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<i>Музыка тыңдау: «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов). Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек. Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды).</i>	<i>«Орманшы» әні</i>

	<p><b>Дауыс жаттығулары:</b> «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру. <b>Ән айту:</b> «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді.</p> <p>Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов).</p> <p>Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру.</p> <p>Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Шыршамен байланысты мереке қалай аталады? Шырша туралы тақпақ білесің бе?</p> <p>Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім?</p>	<p>«Аққу» күйі</p> <p>«Жасыл шырша» әні</p> <p>«Конькишілер вальсі» музыкасы</p>
<p><b>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>.....минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 13.01 – 17.01.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Айнала ақша қар»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	<i>Қыс мезгілі туралы түсіндіріп, музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратуды үйрету.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Ән мәтініне байланысты сұрақтар Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұмай ма?</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша поурри айтады.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<i>Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді.</i>	<i>Қыста көңілді балалардың сырғанақ теуіп жүрген, аққала жасап жүрген суреттері</i>
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут		
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i><b>Музыка тыңдау:</b> «Сырғанақ» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі Ә. Тәжібаев). Әннің мазмұнын, алған әсерлерін, көңіл күйін сұрау. Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ыргағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау. <b>Ән айту:</b> «Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов). Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ыргағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру. <b>Аспаппен танысу:</b> «Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау. Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау. Ұлттық ойын «Ормандағы аю». <b>Ой қозғау.</b> Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата. <b>Дид ойын:</b> «Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?» Екінші аққалаға не жетіспейді?</i>	<i>«Сырғанақ» әні</i>  <i>«Зырлайды шанамыз» әні</i>  <i>«Музыкалық аспаптарға арналған этюд»</i>
<b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>	<i>ҰІӨ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау</i>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 20.01 – 24.01.2025ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сагизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Орманға саяхат»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндеме айтуға үйрету. Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Марш ырғағын тыңдайды. Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр. «вальс» ырғағы баяу, созыңқы, сабырлы. Қояндар көңілді, шатшаң, жеңіл биледі. Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары-төмен көтере, түсіре орындауды үйренеді Әнді көңілдене айтуға тырысады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Орманда нелер өмір сүреді? Қандай жануарларды білеміз? Сендерге қай жануар ұнайды?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді.	
	<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен басталады. «Біз үшін» Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді. Ал балалар, балалар, саяхатқа шығайық. <b>Ормандағы аңдарға көлікке мініп барайық!</b> «Саяхат» шығармасын тыңдай жүріп, балалар көлікке мініп, орманға барады.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	Балаларды отырғызып, «Вальс» шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады. <b>Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады.</b> <b>Аюлардың вальс билеген суреті.</b> Тапсырманы алып, топқа келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді.	Ағаштар, билеп тұрған аюлар, вальс, марш ырғағымен тұрған

	<p><i>Көлікке бірге мінейік, әрі қарай кетейік, жылдамдатып жетейік.</i></p> <p><b>Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.</b> <i>Жетекші: балалар, қояндар қалай билейді?</i></p> <p><b>«Көңілді би» шығармасын тыңдауды ұсынады.</b> <i>Көлікке енді мінеміз, әрі қарай кетеміз, -деп тағыз сапарларын жалғастырады.</i></p> <p><b>Үшінші ағаштағы тапсырма- қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті.</b> <b>«Мерекелік марш» шығармасын тыңдаймыз.</b> <i>-Балалар, қасқырлар қалай жүріп жатыр? көлікпен үйлеріне қайтып келеді. -осымен саяхатымыз аяқталды. Ал енді, балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші.</i></p> <p><b>Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу, созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді.</b> <b>Екінші аялдамада қояндар шапшаң, жеңіл секіргенін, көңілді билегенін түсіндіреді.</b> <b>Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен, жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.</b> <i>Әндетейік, жырлайық, әсем әнге салайық.</i></p> <p><i>Жаттықтырып даусымызды, әйбат бала болайық.</i></p> <p><b>Дауыс жаттығуы:</b> <i>Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсету</i></p> <p><b>Ән үйрену: «Бақшаға келеміз»</b> <i>Би билейік ырғалып, секірейік жұптасып. Кезек-кезек, оңға-солға аяқтарды созайық.</i></p> <p><b>Би: «Қосарланып билеу»</b> <b>Дидактикалық ойын: «Бұл не?».</b> <i>Аңда рбейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу. Мысалы, қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына қояды. Өз анасын тауып береді.</i></p>	<p><i>тұрған қасқырлар, көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер.</i></p>
<p><b>IV. ҮІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> <i>..... минут</i></p>	<p><i>-балалар, орманда қандай аңдармен кездестіңдер? -аюлар қалай биледі? -қасқырлар қалай биледі? -қояндар қалай биледі? Балалардың бүгінгі үйі белсене қатысқандарын айтып мадақтайды.</i></p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 27.01 – 31.01.2025ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сағизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>Аңдар айтысы</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма билерін көрсете біледі. Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын суретпен байланыстыра әңгімелей алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды біледі	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Өткен ұіө қандай ән айттыңдар? Музыка тыңдаған сендерге ұнай ма? Әнде кім, не туралы айтылғанын еске түсіру.	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру.</b> 3-5 минут	Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады. <b>Қызығушылықты ояту.</b> Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру.: Халық «қу» деп, Қылған күлкі, Айласы көп, Бұл не? Түлкі	Тақырып бойынша көрнекіліктер
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Ән айту:</b> «Аңдардың айтысы» (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова). Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру. Тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу. Аңдар хорын барлығы түгел айтады. <b>Қим ойын:</b> «Аю мен қояндар». Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі.	
<b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	-Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды? -Қай аңдардың әнін орындадыңдар? -Орманда өткен сабақ ұнады ма? Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау	

«Бекітемін»

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М.Жанкешова



Қаралды:

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің ақпан айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 03.02 – 07.02.2025ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сагизбаева Ж.Ж.

<b>Ақпан</b>		
<b>Міндеті</b>	<i>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<i>Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата біледі.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады. Сөздік жұмыс: Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жасай және жылдам, асықпай, тез. Пікір алмасу сұрақтары: Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен үіз айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша поурри айтады.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<i>Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады. Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсыалады, амандасады.</i>	<i>Тақырып бойынша көрнекіліктер</i>
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді. Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты. Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын</i>	

	<p><i>Ертегіші. Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар? Мысық Марғау қалай дыбыстайды? Ал Ақтөс ше? Марғау: мияу-мияу, мен айтамын. Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп. Ертегіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар? Ақтөс: «жасыл шыриша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады). Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз. -балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе?</i></p>	
<p><i>ҰІӨ-нің ортасы <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут</i></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Сәлемет пе, Аязата» ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады. Марғау жылайды. Ақтөс: сен неге жылап отырсың? Марғау: Қазыр сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді. Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат. Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіңдер ме? Түлкі: (келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым? Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің? Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім. Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсен біз саған Марғауды тауып береміз. Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсыңдар? Ертегіші: Біз саған «<b>Жасыл шыриша жанында</b>» әнін тарту етеміз. Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар. Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен, текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар. Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді. -сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма? Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады. <b>Дид ойын: «сөйлейтін бубен».</b> «шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады. Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады. Ертегіші: түлкі, саған көп көп рахмет. сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық. Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін екеуің тату болуларың керек, -деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b></p>	<p>Бүгінгі үйі туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҰІӨ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 10.02 – 14.02.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сагизбаева Ж.Ж.

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>	<b>«Су – өмірдің өзегі»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	<i>Тірі табиғат туралы түсіндіру, судың адм өміріне пайдасы, күнделікті өмірде сусыз өмір сүре алмайтынымызды түсіндіру.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> <i>Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<b>Музыкалық сәлемдесу. Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады.</b> – Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.	
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>(Музыка тыңдау: «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату.</b> Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету. <b>Дауыс жаттығулары: «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету.</b> <b>Ән айту: «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).</b> Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу. Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау. <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).</b>	«Аққу көлі» (үзінді) «Саржайлау» күйі «Су – өмірдің өзегі» әні «Көбелек биі»

	<p><i>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.</i></p> <p><b>Ой қозғау.</b> Судың пайдасы туралы не білесің?</p> <p><i>Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?</i></p> <p><b>Дид ойын:</b> «Суреттегі тышқан мен аюдың жоғары басқышқа қайсысы лайықты?»</p> <p><i>Ал төменгі басқышта ше? Сызықпен қосып көрсет.</i></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>..... минут</p>	<p><i>Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.</i></p> <p><i>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</i></p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 17.02 – 21.02.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Бағдаршам»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>«Амандасу жаттығуын» айтады.                  Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.                  Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын үйренеді</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b>                  Бағдаршам не үшін керек?                  Көліктер дегеніміз не?                  Қандай көлік түрлерін білесіңдер?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Өткен сабақта қандай ән айтқанымызды, қандай музыка тыңдағанымызды еске түсірейік.                  Не туралы әңгіме айтқанымызды ұмытпаған боларсыңдар. Ойланып, еске түсіру.</i>	
	<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i><b>Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.</b>                  Б. Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді. Қимыл ырақтарын әуенмен жасауды ұсынады.                  Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып жасауға үйретеді.</i>	<i>бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол.</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i><b>Қызығушылықты ояту</b>                  - Бізге қонаққа Қасқыр келінті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келінті», - деп,                  Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.                  Қасқыр:                  Еркін өсіп далада,                  Келдім бүгін қалаға.</i>	<i>ұнтаспа, дискілер, қасқыр, желаяқ, тұлпар, қоян, арыстан кейіпкерлерінің костюм</i>

	<p><b>Қызығушылықты ояту</b>  - Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті», - деп,  <b>Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.</b></p> <p>Қасқыр:  Еркін өсіп далада,  Келдім бүгін қалаға.</p> <p>Қиналдым көше тәртібін  Кіргізе алмай санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды.  Желаяқ:  Бағдаршамға қараймын,  Қараймын мен таңдана.  Өшіп-жанған көзінің  Алмай сырын аңғара. –  Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін. (Зуылдан жүгіріп өтеді). Тұлпар:  Ережесін көшенің  Шемішкедей шағамын.  Болмай ма екен тұлпардай,  Баяу өте алатын. (Ақырындап жүріп өтеді). Қоян:  Ой-ой, мына қасқырды  Көріп тұрмын тұңғыш рет.  Қайдан келген бұл өзі?  Қалалықтан емес бұл. (Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).  Қоян:  Әй, әй, Қасеке,  Не көрінді өзіңе,  Қарасаңшы көзіңе!  Бағдаршамға қиылып,  Қараймын мен жымыып,  Сары көзі жанғанда, Үлгеремін жүгіріп.  (Қызыл да жанып үлгереді, артынанҚасқыр жүгіреді).  Арыстан:  Әй, Қоян, бері кел, бері, Әрі-бері жүгіре берме! Ауылдан келген қасқырға Үйрет мына ережені!  Қоян:Арыстан аға, құп болады!  Тек қасқырға айтыңызшы, Мені қуа бермесін, Айтқанымды тыңдасын.  Арыстан:  Кел бері, Қасқыр, қасыма,  Сенің құлағың - Қоянда,  Ал көзің бағдаршамда болсын!</p>	<p>атрибуттары.</p>
--	--	---------------------

	<p><i>Түсіндің бе?</i>  <i>Қасқыр:</i>  <i>Әй, Арыстан аға Қоянға күнім түсті ғой. Амал қаниша, қайтейін?</i>  <i>Қоян: (Ескерту белгісі)</i>  <i>Үшбұрыш қызыл көрінсе -«Абайла, Қасқыр!» (Тыйым салу белгісі) Дөңгелек қызыл шеңберде -«Тоқтай қал, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі) Дөңгелек көк шеңбер ме -«Жолыңыз ағайын».</i>  <i>Түсіндің бе, Қасеке? Ха-ха-ха!</i>  <i>Қасқыр: Түсіндім, болды енді,</i>  <i>ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,</i>  <i>күнім өзіме келер-р-р-р!</i>  <i>Арыстан: Жол тәртібін білейік,</i>  <i>Аман-есен жүрейік.</i>  <i>Қасқыр: Барар жерге асықпай,</i>  <i>Қоян: Аман-есен жетейік.</i>  <i>Ән: «Жолаушылар жыры»(Ж. Қалжанова).</i></p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p><i>Сұрақ –жауап.</i>  - Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?  - Жол ережесін естеріңе сақтаңдар, жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.  - Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз?  Смайлктер беру</p>	<p><i>смайлктер</i></p>

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 24.02 – 28.02.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>		<b>«Анашым – мақтанышым»</b>
<b>Күні:</b>		2сағат
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің мақсаты:</b>	<i>Ана мейірімі туралы түсіндіру. Өлең жолдары арқылы аналарды сыйлау, құрметтеу жайлы үйрету</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Ән сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b>                  Ән айтқанды ұнатасың ба?                  Ән әуеніне сай қандай қимылдар жасар едің?</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен сабақта үйренген әндерін қайталайды, сол әуенге сәйкес би қимылдарын жасайды. Өз шығармашылықтарын көрсетеді.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Балалармен амандасу. Өткен сабақта не өткенімізді қайталап, еске түсіру. Қандай музыка тыңдағанымызды және ол не туралы екенін баяндау.                  – Әлемдегі ең қымбат жан кім деп ойлайсыңдар?                  Суреттен түрлі мамандықтарды көрсетіп, ана – аспаз, ана – дәрігер, ана – ұстаз, ана – күтуші екенін түсіндіру.                  – Ананың аялы алақаны сендерді әрқашан қорғап, қолдап отырады.                  Бүгінгі тақырыбымыз сол аяулы аналар жайында болмақ.</i>	<i>Аналардың суреттері, түрлі мамандықта жүрген аналардың суреттері.</i>
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<i><b>Музыка тыңдау:</b> «Жан анам» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева) Тыңдаған әннің кім туралы екенін, қандай көңіл күйде жазылғанын сұрау, әңгімелеу. Өз аналары туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Музыканың сипатын сөз ету. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Әлди-әлди» халық әні. Бұл ән ұйықтар алдында айтылатындықтан әнді айғайламай, байыппен, баяу айту қажет.  <b>Ән айту:</b> «Ақ мамам» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әнді педагог өзі орындап, балалардан сұрақ-жауап алады. Әннің кім туралы айтылғанын, қандай көңіл күйде орындалатынын (көңілді, көңілсіз, баяу, жүрдек) әңгімелеу. Әннің мәтінін қайталап, әуенге қосылып айту. Балалар мәтінді анық айтуын, бір-бірін тыңдай отырып әндетуін қадағалау.  <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Сылдырмақты серуен» (муз. Ж. Тезекбаев). Музыка әуеніне ілесіп сылдырмақтың көмегімен ырғақты қимылдар жасау. Балалардың ырғаққа дұрыс ілесіп орындауларын</i>	<i>«Жан анам» әні                  «Әлди-әлди» халық әні                  «Ақ мамам» әні                  Сылдырмақтармен музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасау</i>

	<p>қадағалау. Әуенге ілесіп мәнерлі қимылдар келтіру.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Анаң сені қалай еркелетеді? Сен анаңа қандай тілек айтар едің? Мына суретте сүйікті анаңа қандай гүлдер сыйлайсың?</p> <p>Аналар мерекесінде өз анаңа не сыйлар едің? Әдемі моншақ сыйлағың келе ме?.</p>	
<p><b>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.</b></p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>.....минут</p>	<p>– Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі ұтә қалай өтті? – Анасына арнап кім ән айта алады? (үйренген әндерінен).</p> <p>қорытындылау, бағалау.</p>	

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М. Жанекешова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж. Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің наурыз айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 03.03 – 07.03.2025ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сағизбаева Ж.Ж

<i>Наурыз</i>		
<b>Міндеті</b>	<i>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<i>Көктем келді.</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2сағат</i>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Ән не туралы екенін, ойынды шартына сай ойнауды меңгереді.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық) Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың? Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады.</i>	
<i>ҰІӘ өтілу барысы</i>		
<i>Жоспарланған уақыт</i>	<i>Жоспарланған іс-әрекет</i>	<i>Ресурстар</i>
<i>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут</i>	<i>Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау. Жылы жақтан қайтқан құстардың, жылғаның суреттеріне қарап әңгіме құрастыру. Сұлар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаған. Бұлт айдары желбіреді, Бұл мезгілді қалай дейді? Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары</i>	<i>Тақырып бойынша көрмекіліктер</i>

<p><b>ҰІӘ-нің ортасы</b>  <b>III. Тақырып</b>  <b>бойынша жұмыс</b>  .....минут</p>	<p><b>Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері).</b>  - Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен - сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі - осы ән. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.  <b>Ән үйрену: «Көктем» (Д. Гусинцев, Т.Исабеков).</b>  Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету.  <b>Дид ойын: «Түлкі мен қаздар».</b>  <b>Шарты:</b> Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады, алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады.  Ойын өте көңілді ойналады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің</b>  <b>қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  .....минут</p>	<p>Сонымен, бүгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік?  - Көктем туралы не білдіңдер?  - Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Қорытындылау</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 10.03 – 14.03.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӨ Тақырыбы:</b>	<b>«Наурыз – жыл басы»</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	<i>Наурыз мерекесі туралы түсіндіру. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Тыңдаған музыкалары туралы ойларын жеткізе алады. Салт-дәстүрлер туралы, наурыз мерекесі жайында түсініктерін айтады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қимылдар жасай алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i><b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Наурыз мерекесі туралы не білесің? Қандай салт-дәстүрлерді білесің? Мерекеде ойналатын қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер? Музыка жанрларын ажырата аласың ба?</i>	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	<i>Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айттық, қандай музыка тыңдадық? Естеріне түсіріп, қимыл-қозғалыстар жасайды.</i>	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<i>Көңілді музыка әуенімен балалар амандасады. Шеңбер бойымен би қимылдарының элементтерін жасайды. – Балалар, сендер наурыз мерекесі туралы не білесіңдер? – Ол мереке қай кезде болады, тойланады және «наурыз» деген сөз не мағынаны білдіреді? Наурыз – күн мен түннің теңескен күні, жердің жаңарып, табиғаттың оянган кезі. Аңдар ұйқыларынан оянып, сай-саланы су алып, жер бусанады. Халқымыз үшін ең үлкен мереке.</i>	<i>Наурыз мерекесі тойланып жатқан суреттер, қайнаған қазан, ұлттық ойындар ойнаған балалар, көкпар тартқан үлкендер</i>
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут		<i>«Қосалқа» күйі</i>
<b>ҰІӨ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i><b>Музыка тыңдау:</b> «Қосалқа» (Дәулеткерей). Домбыра – қазақтың халық аспабы. Халқымызда домбыраны киелі аспап деп атайды. Өйткені адам тілімен жеткізе алмаған оқигаларды күй арқылы жеткізуге болады. Күй созылмалы, баппен орындалады. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Қоңырау» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Асылбек). <b>Жаттығу</b> көңілді орындалады. <b>Ноталардың ұзақтықтары</b> әртүрлі болғандықтан, дұрыс орындалуына көңіл бөлу. <b>Ән айту:</b> «Наурыз тойы» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева). Наурыз мерекесі қандай мереке екенін балаларға түсіндіру. Мерекеде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған наурызкөже туралы түсініктер беру. Әннің көңіл күйін ажыратып, ырғақты ұстап орындауды қадағалау. <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Сақина салу» (ән-ойын, өңдеген Е. Брусиловский). Қазақтың ұлттық ойындарының бірі саналатын «Сақина салумен» таныстыру, ойнау. Ойыннан жеңілген бала өз өнерін көрсетеді, ән салады, би билейді, тақпақ айтады. <b>Ой қозғау.</b> Наурыз мерекесі туралы не білесің? Бұл мерекені отбасыңмен қалай атап өтесің? Неліктен наурызды «жыл басы» деп айтады? Суретке қарап, наурыз мерекесі туралы әңгімелеп бер. Мына гүлдердің ішінен көктемнің алғашқы гүлдері – бәйшешек, қызғалдақтың суретін көрсет</i>	<i>«Қоңырау» әні</i>  <i>«Наурыз тойы» әні</i> <i>«Сақина салу» (ән-ойын)</i>
<b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>	<i>қорытындылау, бағалау.</i>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 17.03 – 20.03.25ж

Қаралды   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>«Наурыз көже»</b>	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Наурыз көже қалай жасалады, қандай мерекеде жасалатыны туралы түсінік беру. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Наурыз мерекесі туралы кеңінен әңгімелей алады. Мерекеде ойналатын ұлттық ойындарды сипаттай алады. Наурызкөженің неден жасалатыны туралы жақсы біледі және айта алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Наурыз мерекесі жылдың қай мезгілінде тойланады? Наурыз мерекесінде ойналатын қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің? Наурызкөжеге неше түрлі тағам салынады және қандай? «Қара жорға» биіне ойдан би элементтерін қолданып билеңдер.	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен топқанда айтқан әндерің естеріңде ме? Әндерді есімізге түсіріп қайталайық. Өткен әндерден попури орындау. Қандай музыкалық шығармалар тыңдадық және олар не туралы еді?	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балалармен музыкалық сәлемдесу. Шаттық шеңберін жасау. «Қайырлы таң, туган жерім!», «Қайырлы таң, алтын күн!», «Қайырлы таң, алтын ұям!», «Қайырлы таң, достарым!» Бір-біріне алақандарының жылуын жеткізу. Педагог балаларға Наурыз мерекесінде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған наурызкөже туралы түсініктер береді.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Тойбастар» (муз. Б.Аманжолов). Балалардан музыканың көңіл күйі туралы сұрау. Педагог музыканы тыңдата отырып көңілді музыка адам жанын жадырататынын, көңілсіз музыка жанды жабырқататынын түсіндіреді <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Әлди-әлди» (халық әні). Ән ұйықтар алдында орындалатындықтан айқайламай, бірқалыпты байыппен айту қажет. <b>Ән айту:</b> «Наурызкөже» (муз. А. Райымқұлова, сөзі А. Шаяхметов). Ән көңілді, сергек орындалады. Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіру. Ән туралы балалармен әңгімелесу. Балалардың есту, есте сақтау	

	<p>қабілеттерін қадағалау. <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Қара жорға» (халық әуені). Балалар жұптасып, жеке би қимылдарын жасайды. Буын биі аталатын бұл билер ерте кезден келе жатыр. Бұл бидің ерекшелігі – жас баладан еңкейген қарияларға дейін билейді. Балаларға өз беттерінше қимыл жасауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Наурызкөжеге қаниша тағам түрлері қосылады?  Пайдалы сусындар туралы не білесің? Олар қайдан алынады?  Наурызкөже ішетін тостаған ағаштан жасалады.  Ал торсық сусынды жолға алып жүруге арналған. Торсық теріден жасалады.  Наурызкөжеге салынатын тағамдарды қазанға сызық арқылы қос.</p>	<p>«Наурызкөже» әні</p> <p>«Қара жорға» халық әуені</p>
<p><b>IV. ҰТӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  .... минут</p>	<p>қорытындылау, бағалау.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 26.03 – 28.03.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		<b>«Құстар дауысы»</b>
<b>Күні:</b>		2 сағат
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әуенді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасайды Ойынға қызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын айтады. Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Балалар:</b> Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді. <b>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:</b> қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек. <b>Пікір алмасу сұрақтары:</b> Қандай құстарды білесіңдер? Құстардың қандай пайдасы бар?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<b>Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын»</b> айтып қарсы алады. Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді. <b>«құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.</b> Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> Балаларды музыка тыңдауға шақырады. Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады. Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатыныне түсіндіреді. Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді. Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды.	<b>құс пен оның балапанының суреттері.</b>

	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Балаларды музыка тыңдауға шақырады.  Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.  Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатыныне түсіндіреді.  Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.  Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайы.</p> <p><b>Ән үйрену: Ән тыңдау: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым</b>  Орындалып, ойын ұйымдастырылады.  <b>«Босторғай»(Е.Құсайынов, А.Асылбеков).</b>  «Көкек» (Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған соң, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді. Жетекші қыздарға «шөжелерім» биін қайталаатады.  Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «тұлпарым» биін үйретеді.  <b>Дидактикалық ойын: «қандай дауыс?»</b>  ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидактикалық ойынмен жалғастырып үйретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабылетін дамытады.  Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады,  мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды,  -құстар даусы қандай?  -балапанының даусы қандай?  Балаларды мақтайды, қоштасады.</p>	

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М. Жанкешова



Қаралды:  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж. Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің сәуір айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 31.03-04.04.2025ж

Қаралды *СБ*  
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<i>Сәуір</i>		
<b>Міндеті</b>	<i>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<i>Табиғат тамшылары</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Табиғат құбылыстарын түсіндіру. Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Әуенді әндете айта біледі.                  Әуенді ырғақты қимылдарды игереді.                  Балалар сұрақтарға жауап береді.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен үіә сұрақтарға жауап береді</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i><b>Шаттық шеңберіне тұру.</b>                  Қайырлы таң, алтын күн!                  Қайырлы таң, жер-ана!                  Қайырлы таң, мектебім!                  Қайырлы таң, достарым!                  Көңілді әуенмен сабақты бастау.                  – Біздің айналамызды не қоршап тұр?                  Әрине, табиғат. Табиғатта түрлі құбылыстар болады, жел соғады, жауын жауады, қар жауады, күн шығады. Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Жаңбырдың да бірнеше түрі болады. «Ақ жауын», «нөсер жауын». Ақ жауын – жайлап ұзақ жауады, кейде апталап жауады. Нөсер жауын қатты құйып жауады, бірақ тез бітеді.</i>	<b>Тақырып бойынша көрнекіліктер</b>

<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p><i>Қандай табиғат құбылыстарын білесің? «Ақ жауын» әнінің көңіл күйі суреттегі қай құбылысқа сай келеді деп ойлайсың?</i> <i>Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Саған жаңбыр ұнай ма?</i></p>	
---	---	--

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 07.04-1.04.2025

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		<b>«Ғарыш әлеміне саяхат»</b>	
<b>Күні:</b>		<b>2 сағат</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Ересек</b>	<b>Қатысқан балалар саны:</b>	
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.		
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, классикалық музыканы ажырата білу, тыңдаған әуенді әңгімелей білуді. Ғарыш, ғарышкерлер, ғарыш айлағы туралы түсініп, түрлі сипаттағы әндерді анықтауды. әнді көңіл күйіне сәйкес орындауды, шығарманы тыңдап, мағынасын түсіндіре алады.		
<b>Түлдік мақсат:</b>	Ғарыш, ғарышкер, зымыран, Байқоңыр, скафандр.		
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Сұрақ - жауап		
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>		<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, түлгаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді - ырғақты қимылдар көрсетіледі. «Кел, билейік» (В.Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қимылдарын үйретеді.		скафандр атрибуты, құрсаулар. ғарышты, ғарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұхабаев суреттері.
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	12 сәуір - Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады. Сапар үшін келесі Дайын ғарыш кемесі. Бұған ертең мініп ап, Айға барамыз зымырап. (А.Сопыбеков) - Ғарышқа тек мықты, шымыр балалар ұша алады. Ал кәнеки, қазірден жаттығуға әзірленейік! - деп, жаттығулар жасауды ұсынады (музыка жетекшісінің таңдауымен). - Міне, енді шынығып, ұшуға дайынбыз. Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық жасалады. Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады. - Міне, белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би» (Р.Шуман) ойналып, балаларға робот қимылдарын		

	<p>өз білгендерінше көрсетуді сұрайды. Р.Шуман туралы түсінік береді.</p> <p>- Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер, т.б.)</p> <p>- Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдаңдар! Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай!» (Е.Өміров, Ө.Тұрманжанов) әнін орындап береді. Әннің мәтінін, сипатын түсіне әңгімелеуді ұсынады.</p> <p>- Ғарыш деген не?</p> <p>- Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?</p> <p>- Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан?</p> <p>- деген сұрақтар қойып, толық мәлімет береді. Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді.</p> <p>Ғарыш айлағы Байқоңырда орналасқанын, алып зымырандар ғарышқа осы жерден ұшырылатынын түсіндіреді. Көкке ұшамын, Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Мұсабаев ағаның, Даңқы көкке самғаған Тоқтар аға, Гагарин Салған жолды жалғаған. Музыка жетекшісінің таңдауымен дауыс жаттығулары орындалады. - Батыр ағаларымыздай сендер де ғарышкер болғыларың келе ме? Ән үйрену: «Ғарышкер боламыз» (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов). Әннің мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Жылдам екіні мен ырғағына мән береді. Секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға ерекше көңіл аударады.</p> <p>Әуенді-қимылды ойын: «Роботтар кемесінде». Үнтаспада робот қимылына сай әуен ойналып, балалар робот қимылдарын көрсетеді. Әуен тоқтағанда, өз «кемелеріне» отырып үлгерулері тиіс. Ғарыш кемесі ретінде құрсауларды қолдануға болады. Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені естіліп, балаларға жерге оралуды ұсынады. Балалардың көздерін жұмып, әуенді сезіне қабылдауларын бақылайды. «Айгөлек» әуенін оркестрде ойнауды жалғастыру (қоңырау, үшбұрыш, металлофон).</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> .....минут</p>	<p>«Кел, билейік» әуеніне көңілді би билеуді ұсынады. Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап табуды, мәнерлеп билеуді ұсынады. - Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Балаларды мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Ғарышта» немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақгүл» «Балапан» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 14.04-18.04.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<b>Гүл көбелек</b>	
<b>Күні:</b>	<b>2 сағат</b>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	<i>Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру. Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; Қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды; музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>көбелек, гүлзар</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар өткен үйә айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попури айтады.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау). Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.</i>	<i>себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек, нота хрестоматиясы.</i>
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i>Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Ұнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. <b>Көктем қандай көрікті, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты!</b>– деп, көбелекті гүлдерге қондырады. Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. <b>Музыка тыңдау:</b> «Вальс» (ұнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен). Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады.</i>	

	<p><b>Әнайту:</b> «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек)  Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.  Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді.  Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?  Аленді көбелектер сияқты би билеп үйренейік.  <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан).  Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.  «Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).  Көбелек-ау, көбелек,  Ұшасың сен көлбеңдеп.  Қызыл, жасыл керемет  Гүлгеқоншы, көбелек! – деп балаларды ойынға шақырады.  «Вальс» ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды.  Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».  Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету.  Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Қандай көбелектер бар екен?  Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді.  Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 21.04-25.04.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӨ тақырыбы:</b>		<b>Бауырсақ немен кездесті?</b>
<b>Күні:</b>		<b>2сағат</b>
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӨ-нің міндеті:</b>	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді; Таныс әндермен пьесаларды біледі; Әннің кіріспесін тыңдап, әнді сипатына сай орындайды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	паровоз, пойыз, «пи-пи», «пук-пук», «гу-гу-гу»	
<b>Өткен ҰІӨ-нен алған білім</b>	Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді	
<b>ҰІӨ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Балаларды көңілді қарсы алу. Үнтаспада поезд дауысы естіледі. Поездға біз барайық, Вагоннан орын алайық, – деп, вагондарға –тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру. Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пук-пук, Ән айтып біз қостайық. Әуен аяқталысымен балалар көңілді поездан түсіп, орманда қыдырады. Орманда жүріп, ағаш жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады. Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отырған аңды танысыңдарма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян, Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүйрікқоян, сақ қоян.	қысқық орман,

<p>ҰІӘ-нің ортасы  <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>  .....минут</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қояндар»(Е.Тиличеева).  Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару.  Көңілді,ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.  <b>Ән айту:</b> «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды.  Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анықайтуға үйрету.  Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.  <b>«Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы» А.Райымқұлова).</b>  <b>Ойын барысы:</b> Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян).  Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрету  Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аю шығады. Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p>Қоян қалай билейді екен?  Сендерге қоянмен бірге болған ұнады ма?  Көңілді поезд отырып, жолға шығатындарын ескертеді.  Поезд дауысы естіліп, бірінің соңынан бірі қатарласа жүреді.  Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ:** Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
**Балалардың жасы:** 4 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 28.04-02.05.2025ж

**Қаралды:**   
**Әдіскер:** Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	«Көңілді жаңбыр және алғашқы бәйшешек»	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты:</b>	Көктемгі табиғат құбылыстарын (жаңбыр, күннің көзі) музыка арқылы сезінуге үйрету. Әнді нақышына келтіріп айту дағдыларын дамыту. Металлофон және қоңыраулармен ырғақты ойнауды меңгерту.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыканың қарқынына (тез, жай) қарай қимылдайды; жаңбыр дыбысын аспаптармен бере алады; ән мәтінін анық айтады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Тамшы, бәйшешек, оркестр, шөпілдету.	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	«Көбелек» биінің қимылдарын және «Көктем» әнінің қайырмасын еске түсіреді.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Музыкалық сәлемдесу. «Күн көзі» кейіпкері келеді. «Күн мен жаңбыр» жаттығуы: Көңілді әуенде балалар жеңіл жүгіреді, «жаңбыр» музыкасы басталғанда қолдарынан «шатыр» жасап тығылады.	Күннің суреті, қолшатыр..
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Сәуір. Бәйшешек» (П.И. Чайковский). Музыканың нәзіктігін, гүлдің бүршік жаруын сезіну. <b>Ән айту:</b> «Тамшылар» (муз. А. Тани). «Тап-тап-тап» дыбыстарын анық шығарып, дауыс жаттығуын жасау. Әннің 1-шумағын үйрену. <b>Аспаптармен жұмыс:</b> Жаңбыр дыбысын металлофонмен (жоғарыдан төмен) орындау. <b>Ойын:</b> «Кім жылдам су құяды?». Көктемгі гүлдерге су құю (қимыл-қозғалыс ойыны). Ұнтаспа, металлофон, қоңыраулар, бәйшешек суреттері.	Ұнтаспа, металлофон, қоңыраулар, бәйшешек суреттері.
<b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут	<b>Рефлексия:</b> Жаңбыр жауғанда көңіл-күйіміз қандай болды? Ал күн шыққанда ше? Балаларды мақтап, залдан көңілді маршпен шығарып салу.	Көңілді/мұңды смайликтер.

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М.Жанекшова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

# Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің мамыр айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы  
Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
Балалардың жасы: 4 жас  
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.05-08.05.2025ж

Қаралды:   
Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>Мамыр</b>		
<b>Міндеті</b>	<i>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</i>	
<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>	<i>Тату доссыз бәріміз</i>	
<b>Күні</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің мақсаты</b>	<i>Достық. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.</i>	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<i>Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.</i>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<i>Әннің көңіл күйін, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба? Саған қандай әндер ұнайды? Музыка тыңдағанды ұнатасың ба?</i>	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	<i>Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады.</i>	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут	<i>Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді. Педагог: Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?</i>	<i>Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері</i>
<b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	<i>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.</i>	
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> ..... минут	<i>Музыка тыңдау; «Достар» Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжгіт Асанов Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?</i>	

	<p><b>Дауыс жаттығулары:</b> «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.</p> <p><b>Миға шабуыл.</b> Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек)</p> <p>Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.</p> <p style="text-align: center;"><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Сұрақ –жауап. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? <b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.</p>	
<p><b>IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Смайлктер беру</p>	<p>Смайлктер</p>

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 19.05-23.05.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘ тақырыбы:</b>		«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев
<b>Күні:</b>		2сағат
<b>Топ:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, дыбысталуын ажыратуды.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Ән айтқанды ұнатасың ба? Неліктен? Қандай әндерді, әншілерді білесің? «Өнерлі өрге жүзеді» дегенді қалай түсінесің?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады. Күлімде күн күлімде Бүлдіршіндер қуансын Жарқырап күнде ашылды Айналага нұр шашылды Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз! Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз! Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды. Әуенді –қимылды ойын: «Тату достар». Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді. -Кімнің қандай өнері бар? -Кім билегенді ұнатады?	Әр ұлттың суреттері

<p>ҰІӨ-нің ортасы  <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>  .....минут</p>	<p><b>Дауыс жаттығулары:</b> Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару.  Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.  Ән саламыз күнде біз,  Шаттық толы іргеміз,  Біз тату достармыз,  Біз үнемі біргеміз.  <b>Әнүйрену: «Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев</b>  Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.  Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.  түсінеді.  Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.  Зеңгір көктем, нұрын төккен  Ортақ біздің күніміз  Жайнап өскен, жайдары өскен.  Біз өмірдің гүліміз  Бал достыққа, жолдастыққа,  Шақырады әніміз  Тыныштыққа нұр құшаққа  Бақыттымыз бәріміз.  <b>Дид ойын: «Достарыңмен қалай ойнайсың?»</b>  <b>Шарты:</b> Достарың туралы әңгімеле. Суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.</p>	
<p><b>IV. ҰІӨ-нің қорытындысы.</b>  <b>Рефлексия</b>  ..... минут</p>	<p><b>Қортынды.</b>  Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы?  Смайлктер беру</p>	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Іс-әрекет түрі: Музыка. Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы**

Топ: Ересек «Ақбота» «Жұлдыз» тобы  
 Балалардың жасы: 4 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: 26.05-30.05.2025ж

Қаралды:   
 Әдіскер: Сағизбаева Ж.Ж

<b>ҰІӘТақырыбы:</b>		<b>«Жайлаудағы киіз үй»</b>
<b>Күні:</b>		<b>2 сағат</b>
<b>ТОП:</b>		<b>Қатысқан балалар саны:</b>
<b>ҰІӘ-нің міндеті:</b>	Жаз жайлау туралы әңгімелеу, суретпен жұмыс. Сұрақ-жауап. Музыкалық шығарманың сипатына, қарқынына, динамикасына, ырғақтық суреттеріне сәйкес ән сала алады. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып би орындау.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) ажырата алады. Тақырып бойынша өз ойларын жеткізуге тырысады. Сүйікті әндері туралы әңгімелей алады.	
<b>Тілдік мақсат:</b>	Киіз үй қандай болады, қандай бөліктерден тұрады?	
<b>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</b>	Еске түсіріп, қандай тақырыпта музыка тыңдап, ән айтқанымызды қайталаймыз.	
<b>ҰІӘ өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> 0-2 минут <b>II. Ұйымдастыру</b> 3-5 минут	Көңілді музыка әуенімен балалармен амандасады. Шеңбер бойымен би қимылдарының элементтерін жасайды, естеріне түсіреді. Біздің ата-бабаларымыз ерте кезде көшіп-қонып жүретін болғандықтан, көшуге ыңғайлы киіз үйде тұрған. Киіз үй жиналмалы болады. Төбесінде шаңырағы, керегесі, уықтары болады. Сырты киізбен қапталады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Киіз үйдің бұрышы болмайды, дөңгелек.	Киіз үйдің суреті, макеті, бөлшектері, жабдықтары. Слайдтар
<b>ҰІӘ-нің ортасы</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b> .....минут	<b>Музыка тыңдау:</b> «Қазағымның қасиетті ақ үйі» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Балаларға интерактивті тақтадан киіз үйді, оның бөлшектерін көрсету. Балалармен киіз үй туралы әңгімелесу. Ертедегі ата-бабаларымыз осы киіз үйде тұрғандарын, көшіп-қонуға ыңғайлы екенін түсіндіру. <b>Дауыс жаттығулары:</b> «Қара жорға» (халық күйі). «Қара жорға» күйіне негізделген әуенді «гу» буынында орындау. Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі. Терең тыныс алып, дем сыртқа еркін шығарылуы керек. Ырғағына айрықша мән беру. <b>Ән айту:</b> «Киіз үй» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі Қ. Баянбаев). Педагог әуенді орындап, балалардан әңгімелеп берулерін талап етеді. Әннің сипатына, қарқынына, динамикасына тоқталып, балалармен сұрақ-жауап арқылы талдайды.	«Қазағымның қасиетті ақ үйі» әні Интерактивті тақта, киіз үй, оның бөлшектері  «Қара жорға» күйі

	<p>Ән айту барысында бір-бірін тыңдай отырып орындауларын қадағалау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қозғалыс:</b> «Киіз басу» (халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қазақтың би элементтерін еске түсіре отырып балалардың ойдан орындауы (импровизация) қимылдармен билеулеріне мүмкіндік беру.</p> <p><b>Ұлттық ойын «Асық ату».</b></p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Әнді тыңдағанда көз алдыға нені елестеттің? Киіз үйдің жиһаздарын ата.</p> <p>Сурет бойынша әңгіме құрастыр.</p> <p>Киіз үйдің құрылысын айтып бер. Қандай бөліктерден тұрады?</p>	<p>«Киіз үй» әні «Киіз басу» (Келіншек) күйі Нота хрестоматиясы</p>
<p><b>IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.</b> <b>Рефлексия</b> ..... минут</p>	<p>Бүгінгі үіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҮІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.</p>	